

**«ТҰРАН»
УНИВЕРСИТЕТІ
МЕКЕМЕСІ**

050013, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Сәтпаев к-сі, 16А
Тел.: +7 (727) 2607000, факс: +7 (727) 2622298
reception@turand-edu.kz
www.turand-edu.kz



**TURAN
UNIVERSITY**

16A, Satpayev str.,
050013, Almaty, Kazakhstan
Tel: +7 (727) 2607000, fax: +7 (727) 2622298
reception@turand-edu.kz
www.turand-edu.kz

23.10.2023 № 04-07/1186

(нөмір және кіріс құжат күніне сілтеме)

**Ұлттық мемлекеттік
ғылыми-техникалық
сараптама орталығы**

«Тұран» университетінің жанындағы «8D03101 (6D050300) – Психология» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес, «6D050300 – Психология» мамандығы бойынша **Дауткалиева Перизат Болатовнаның** «Педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясын қалыптастырудың ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясын материалды авторға және алынған дереккөзге сілтемесіз пайдалануын тексеруге жолдап отыр және диссертация мәтінін «ҰМҒТСО» АҚ сайтында ашық түрде орналастыруды сұрайды.

Білім беру, психология және когнитивтік ғылымдар бойынша Сараптау кеңесінің шешімі бойынша диисертациялық жұмыс **пысықтауға** жіберілген (қажетті құжаттар тіркеледі). Ескертулер жөнделген және түзету жұмыстың мәнін өзгертпеген.

Диссертациялық кеңес мәжілісі 2023 жылы 03 қараша күніне бекітілді.

Диссертациялық кеңес
төрағасы

Аймаганбетова О.Х.

Орындаушы: Сангилбаев О.С.
Тел.: +7 7017645920

№ 001440


**Национальный центр
государственной научно-
технической экспертизы**

Диссертационный совет по образовательной программе 8D03101(6D050300) – Психология, сформированный при университете «Туран», направляет диссертацию **Дауткалиевой Перизат Болатовны** на тему «Особенности формирования профессиональной мотивации студентов педагогических специальностей», представленной на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности «6D050300 – Психология» для проверки на использование заимствованного материала без ссылки на автора и на источник заимствования и просит обеспечить размещение текста диссертации в открытом доступе на интернет-ресурсе НЦГНТЭ.

По решению Экспертного совета по образованию, психологии и когнитивным наукам диссертационная работа была направлена на **доработку** (необходимые документы прилагаются). Замечания исправлены и исправление не изменило сути работы.

Заседание диссертационного совета назначено на 03 ноября 2023 года.

**Председатель
диссертационного совета**

 – **Аймаганбетова О.Х.**

Исполнитель: Сангилбаев О.С.
Тел.: +7 7017645920

Білім беру, психология және когнитивтік ғылымдар бойынша
Сараптау кеңесінің қорытындысы

2023 ж. «13» қыркүйек

№ 6 хаттама

Тыңдалды:

6D050300 – Психология мамандығы бойынша «Педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясын қалыптастырудың ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертацияны қорғау негізінде докторант **Дауткалиева Перизат Болатовна**ға философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы қолдау хат бойынша 2023 жылғы «03» мамырдағы (№ 4 хаттама) «Тұран» Университетінің жанындағы диссертациялық кеңестің шешімі туралы №PhD – 5100-1 – 30.05.2023 іс.

Сарапшы XXXXXX тыңдап және істің материалдарын талқылап, Сараптау кеңесі мынаны белгілейді:

1. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасында іске асырылатын ғылыми дамудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Педагог мамандығының кәсіби дамуын және жоғары мәртебесін қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген міндеттерді жүзеге асырудағы педагог мәртебесін көтеруге қойылатын талаптарды еңбек нарығының нақты қажеттіліктеріне бағдарландыру және елдің жаңа экономикалық бағытының міндеттерін орындау қажеттілігін Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауына негіздеген.

2. Диссертацияны өзі жазу қағидатының сақталуы. Докторанттың диссертация тақырыбын жоспарға сәйкес негіздеуі, соның ішінде эксперимент бөлімінде статистикалық талдау әдістерін жүйелі қолдануы өзі жазу қағидатының сақтағандығын көрсетеді.

3. Диссертацияда ішкі бірлік қағидатының сақталуы. Диссертация 3 (үш) тараудан тұрады. Докторант кәсіби мотивация мәселелері туралы зерттеулерді теориялық талдауда «мотив», «мотивация» ұғымдарын ресейлік ғылымдардың зерттеулеріне ғана талдау жасаған. «Мотивация психологиясының теориялық-әдіснамалық негіздері» бөлімшесінің бірінші азат жолында «Отандық және шетелдік психологияда мотивация мәселесі негізгі мәселелердің бірі болып табылады» деп берілгенмен, қазақстандық ғалымдардың зерттеулері зерделенбеген. Сонымен бірге, осы 1.1 бөлімшеде сілтеме жасаған 8-70 аралығындағы әдебиеттерден қазақстандық ғалымдардың еңбектері жоқ.

«Кәсіби мотивацияның психологиялық мазмұны, құрылымы, түрлері мен әсер етуші факторлары» бөлімшесінде «кәсіби мотивация» терминінің психология ғылымындағы мазмұны мен құрылымы талданған, түрлері мен әсер етуші факторлар туралы ақпарат жоқ. Қазақстандық ғалымдардан (Карибаева Г.М., 121 әдебиет) 1 ғана еңбек. Осы бөлімшеде «Отандық психологиядағы тікелей зерттеулер студенттердің кәсіби мотивациясын (А.А. Вербицкий, О.С. Гребенюк, Н.В. Кузмина, Ф.К. Савина және т.б.) анықтауға бағытталған кәсіби мотивтердің иерархиялары, жеке адамдардың өзара әсері, мотивациялық компоненттер, олардың психологиялық-педагогикалық

жағдайларын талдау, қалыптастыру» деп берілген сөйлемде отандық ғалымдар кездеспейді. Диссертацияның өн бойында «Отандық психологиядағы...» (22, 23, 33, 35 беттер), «отандық психологтардың...» (17 бет) деп берілген сөйлемдерде қазақстандық ғалымдар берілмеген.

«Жоғары оқу орнына дайындау процесінде студенттердің кәсіби мотивациясы жөніндегі заманауи зерттеулерге шолу» бөлімшесінде қолданған әдебиеттердің (124 - 156 әдебиеттер) 40%-ы 90 жылдардағы еңбектер, «заманауи зерттеулерге» тек докторанттың мақалалары ғана берілген болып табылады, қазіргі заманғы жас ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасалынбаған.

«Педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары» бөлімшесінде «психологиялық-педагогикалық шарттар» туралы емес «оқушы тұлғасының» мәселелері қарастырылған. Педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары ретінде «студентке бағытталған оқыту», «психологиялық-мотивациялық тренинг» туралы тұжырым жасалынбаған.

Екінші бөлімнің «Педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясын қалыптастыру ерекшеліктерінде зерттеуді жобалау» бөлімшесінде диссертациялық зерттеуді ұйымдастыру үшін 6 кезенді (стратегиялық, әдіснамалық, психодиагностикалық, статистикалық, аналитикалық, құрылымдық) қамтитын диссертациялық зерттеу бағдарламасы көрсетіліп (сурет 1), зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, болжамы қайтадан беріледі. Бөлімшенің тақырыбына сәйкес «зерттеуді жобалау» негізделінбеген.

«Педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясын қалыптастыру моделінде» (Кесте 1) берілген мазмұнды компоненттер (мотивациялық ынталандыру, тұлғалық мотивациялық, мотивациялық ерік-жігері күшті, танымдық мотивациялық, мотивациялық құндылық) мен мазмұндық компоненттердің функциялары (жігерлендіру, белсендіру, бағыттаушы, эмоционалды, ынталандырушы, басқарушы, мағыналы, танымдық, бағыттаушы, қорытындылау) арасындағы өзара байланыс көрсетілмеген.

4. Диссертацияда ғылыми жаңашылдық қағидатының сақталуы, негізгі ғылыми нәтижелері. Педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясы зерттеу нысанына сәйкес келесідей ғылыми жаңашылдық қағидаттары сақталады:

- педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясын жоғары оқу орнында оқу кезінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары ретінде «студентке бағытталған оқыту», «психологиялық-мотивациялық тренинг» анықталған;

- студенттердің кәсіби мотивациясын қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері әдістемелерде берілген шкалалармен, құрылымдық компоненттері моделде, өзіндік ерекшелігі мен динамикасы кесте мен таблицаларда көрсетілген;

- педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясын қалыптастыру мақсатында кәсіби мотивацияны қалыптастырудың моделі мен бағдарламасы жасалынған;

- қазіргі замандағы студенттердің кәсіби мотивациясын диагностикалауға мүмкіндік беретін заманауи әдістемелер кешенін қолдану негізінде эксперименттік-эмпирикалық зерттеу жүргізіліп, нәтижелер алынған.

Дегенмен, зерттеу міндеттеріне сәйкес зерттелініп отырған мәселе бойынша

педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жасалынбаған. Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы бойынша «Педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясы» ұғымының мазмұны туралы тұжырым жасалынбаған.

5. Диссертацияда дәйектілік принципінің сақталуы. Зерттеудің эксперимент бөлімінде эмпирикалық мәліметтерді жинау әдістерін бірізділікпен қолданған. Докторанттың зерттеу нәтижелерін сапалық және статистикалық талдауда SPSS 26.0 көрсеткіштерін, Манна-Уитнидің U-критерийін, Крускал-Уоллистің H-критерийін, екі тәуелді топты салыстыру үшін Вилкоксонның T-критерийін пайдалануы диссертация мазмұнында дәйектілік принципі сақталғандығын нақтылайды.

6. Диссертацияда практикалық құндылық принципінің сақталуы. Диссертацияның практикалық немесе теориялық мәні бар (керектісін сызу қажет). Студенттердің кәсіби мотивациясын қалыптастыру үшін мотивациялық оқыту бағдарламасы (психологиялық-мотивациялық тренинг) әзірленген. Тестілеу әдістерінің диагностикалық картасын (Кесте 2) құрастыра отырып шкалаларды эксперименттік бөлімде талдаудан өткізген.

7. Диссертацияда академиялық адалдық қағидатының сақталуы, диссертацияда авторы мен дереккөзі көрсетілмеген бөтен материалдың (плагиат) болуы. Жок

8. Жарияланымдар толықтығының сәйкестігі:

диссертация тақырыбы бойынша:

барлығы ғылыми еңбек - **12**;

оның ішінде:

Басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда – **4 (есепке алынады);**

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) ақпараттық компаниясының деректер базасында нөлдік емес импакт-факторға ие немесе индекстелетін халықаралық рецензияланатын журналдарда ±;

Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін -**1 (Psychological and pedagogical conditions for professional motivation of pedagogical specialties students. Perizat, D., Zaure, O., Zhanna, A., Madina, B., Tolkyn, I. Cypriot Journal of Educational Sciences, 2022, 17(2), страницы 626-642. Scopus-та қамту жылдары: 2018 жылдан 2022 жылға дейін (Scopus-та қамту тоқтатылды), білім беру бағыты 2021 жылы 36 процентиль – есепке алынады).**

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) компаниясының деректер базасына енгізілген шетелдік патенттер ±;

басқа жарияланымдар 7 жарияланды.

Жарияланымдар Дәрежелерді беру қағидаларының (әрі қарай - Қағидалар) 6-тармағына сәйкес келеді.

9. Аттестациялық іс материалдарының Қағидалар талаптарына сәйкестігі. Сәйкес.

Рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелсіз болу қағидатының

сақталуы. Сақталған.

Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге сәйкес қорғау рәсімінің сақталуы. Сақталған.

10. Диссертациялық кеңеске ескертулер: 1) Докторанттың диссертациялық тақырыбы дұрыс құрастырылмаған (Қазақстан Республикасы бойынша 39, Ресей Федерациясы бойынша 56, Еуропа елдері бойынша 26 диссертациялық жұмыс қорғалған); 2) Зерттеудің болжамы 2-ге бөлінген: негізгі және жеке. Зерттеу болжамының «егер», «онда», «өйткені» деген құрылымдары сақталмаған. 3) «Зерттеудің міндеттеріне» сәйкес «зерттеудің ғылыми жаңалықтарының» реттілігі сақталмаған; 4) Диссертацияның құрылымы мен көлемінде шет тілдеріндегі әдебиеттерден тұратындығы туралы ақпараттың маңыздылығы қолданылған әдебиеттердің тізіміндегі мәліметке сәйкес емес (шет тілдеріндегі әдебиеттер 6%-ды құрайды); 5) Диссертациялық отырыс диссертацияны қорғау тіліне сәйкес жүргізілуі қажет; 6) Ресми рецензенттердің пікірлері формальді түрде жазылған; 7) Видеода техникалық үзілістер көп кездеседі.

11. Сараптау кеңесінің шешімі: 3) Ережеге сәйкес докторанттың диссертациялық жұмысының мәтіні бойынша елеусіз ескертулер бар және оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпейді. Сондықтан да, докторант **Даутқалиева Перизат Болатовнаның** диссертациясы келесі ескертулерді жөндеу үшін пысықтауға жіберіледі:

- Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерін зерделеу;
- Кәсіби мотивацияның психологиялық түрлері мен әсер етуші факторлары туралы ақпаратпен толықтыру;
- Диссертацияның өн бойында «Отандық психологиядағы...» (22, 23, 33, 35 беттер), «отандық психологтардың...» (17 бет) деп берілген сөйлемдерге қазақстандық ғалымдарды топтастыру;
- «Жоғары оқу орнына дайындау процесінде студенттердің кәсіби мотивациясы жөніндегі заманауи зерттеулерге шолу» бөлімшесіне қазіргі заманғы жас ғалымдардың зерттеулерін қосу;
- «Педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары» бөлімшесінде студентке бағытталған оқыту және психологиялық-мотивациялық тренинг психологиялық-педагогикалық шарттарын негіздеу;
- «Оқушы тұлғасының» мәселелерін «педагогикалық мамандық студенттері» туралы ақпаратпен толықтыру;
- Екінші бөлімнің «Педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясын қалыптастыру ерекшеліктерінде зерттеуді жобалау» бөлімшесінде берілген кезеңдерді (стратегиялық, әдіснамалық, психодиагностикалық, статистикалық, аналитикалық, құрылымдық) кәсіби мотивацияны қалыптастыру ерекшеліктеріне сәйкес жобалау;
- «Педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясын қалыптастыру моделінде» (Кесте 1) берілген мазмұнды компоненттер (мотивациялық ынталандыру, тұлғалық мотивациялық, мотивациялық ерік-жігері күшті, танымдық мотивациялық, мотивациялық құндылық) мен мазмұндық компоненттердің функцияларын (жігерлендіру, белсендіру, бағыттаушы, эмоционалды, ынталандырушы, басқарушы,

мағыналы, танымдық, бағыттаушы, қорытындылау) өзара байланыстыру;

- Зерттеу міндеттеріне сәйкес зерттелініп отырған мәселе бойынша педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау;

- Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы бойынша «Педагогикалық мамандық студенттерінің кәсіби мотивациясы» ұғымының мазмұны туралы тұжырым жасау.

- Диссертация тақырыбын заманауи тенденциялармен байланыстыру (Мысалы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық қолдау т.б.);

- Диссертацияны нормативтік құжаттармен толықтыру (Мысалы, «Білім туралы» Заң, «Ұлттық біліктілік шеңбері», «Педагог» кәсіби стандарттары т.б.);

- Қолданылған әдебиеттердің 53%-ы 90 жылдардағы еңбектер, соңғы бес жылдағы әдебиеттер саны – 11, оның ішінде докторанттың мақаласының саны – 5.

Сараптау кеңесі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне докторант **Дауткалиева Перизат Болатовнаның 6D050300 – Психология мамандығы** бойынша әзірленген диссертациясын пысықтауға ұсынады.